

Алдымен «Қ.Ө.» газеті мәдениет туралы ойға шақыратын ұрымтал қисын тауып, сөз бастағанын құптаймын. Өйткені, мәдениет ұғымын парықтау арқылы, өзінен-өзі бүгінгі мәдени-рухани болмысымызда да парықтауға ден қоямыз. Асыл мен жасықты, өміршең мен өткіншіні бажайлауға машықтанамыз. Соңғы екі-үш мың жыл аясында мәдениет туралы ой-толғамның бір сәт толастамауы тегін емес. Тек қана ағылшын тіліндегі әдебиеттерде өткен ғасырдың 50-ші жылдарында "мәдениетке" 160-тан астам анықтама беріліпті. Ал, жалпы, батыс еуропалық әдебиеттерде мәдениеттің 250-ден астам анықтамасы бар екен. Бұл деректі А.Моль



музыкалық мәдениет, сөйлеу мәдениеті, т.б. деп, мәдениетті жіліктеп қолданатын да үрдіс бар. Сондай-ақ, бүгінгі қазақ қоғамынан мәдениет деп бірыңғай руханиятты немесе бірыңғай өркениетті елестететін де үрдісті байқауға болады. Дәл осы сияқты, «Қ.Ө.» газетінде мәдениет пен сауық-сайранды (развлечение) салыстыруда да халықтың қарабайыр ұғымының бел алып бара жатқанын аңғару қиын емес. Бұл жерде сауық-сайран дегеннің өзі мәдениеттің аясындағы көрініс қана екеніне шәк болмаса керек. Соған қарамастан, көтеріліп отырған мәселе аса мәнді деп білемін. Себебі, мәселенің мәні сол сауық-сайранның мәдениетке ықпал етуінде, керек десеңіз мәдениетке қауіп төндіруінде болып отыр.

Ақселеу СЕЙДІМБЕК, жазушы-ғалым:

МӘДЕНИЕТ ТУРАЛЫ ОЙЛАУ - ҮЙЛЕСІМДІ ӨМІР ТУРАЛЫ ОЙЛАУ

өзінің «Социодинамика культуры» деген еңбегінде келтіреді. Ұмытпасам, өткен сексенінші жылдар ЮНЕСКО әлемнің жетекші мәдениеттанушыларына «Мәдениет дегеніміз не?» деп сауал тастады. Сонда мынандай гөп анықталған: жапондардың ұғымынша мәдениеттің шырқау шыңы шәй беру рәсімінен көрінеді екен; полшалықтар мәдениеттілікті бауырсақ пісіру арқылы да танытуға болады деп есептеген, ал, танзаниялықтардың ұғымынша мәдениеттің ең жарқын үлгісі — жақсы жасалған татуировка.

Осындай мысалдан кейін, мәдениет туралы анықтаманың 251-шісі болатынынан қысылмай-ақ, мәдениет дегеніміз — кең мағынасында дәстүрдеуге де болатын сияқты. Бұл орайда, әрине, базистік және қондырмалық дәстүрді эволюциялық тұтастықта қаперге алған абзал. Өз басым, мәдениет туралы қалам тартқан А.Рэдклиф, Б.Браун, Эванс-Причард, Л.Уайт, С.А.Токарев, Э.Маркарян, М.С.Калин сияқты ғалымдардың еңбектерінен қиямын. Бұл ғалымдар мәдениетке қоғам өмірінің дара бөлімі немесе оқшау саласы ретінде емес, керісінше, сол қоғам өмірінің біртұтас қалпындағы мәнді де құнды айғағы ретінде қарайды.

Кейде ғылыми тұжырымнан гөрі қарабайыр (обыденный) ұғымның көпшілік қолды болатын кездері бар. Мәселен, күнделікті өмірде өндіріс мәдениеті, сауда мәдениеті, экологиялық мәдениет.

Енді, мәдениетке жағымды ықпал ететін немесе қауіп төндіретін сауық-сайран дегеннің бүгінгі көрінісі қандай? Баяғы ұлыс тойы (наурыз), алтыбақан, шілдехана, қонаққоде, ауылдың алты ауызы, тұсау кесер, бесікке салар, сүндет тойы, ас беру, т.б. сияқты салт-дәстүрмен сабақтасып жататын және ұлттың төлтума болмысын шыңдауға жағымды ықпал ететін сауық-сайран түрлері бұл күнде тиылды десе де болады. Кеңес заманында жағымды рөл атқарған ауыл клубтары, халық театрлары, көркемөнерпаздар үйірмесі, автоклубтар дегендердің де қазір қожырағаны аян. Шүкір, әйтеуір дастарханы жиылмай келе жатқан қазақтың бүгінгі қонақжайлығын сауық-сайранға төлиін десең, оның өзі көздерін бақырайтып қойып, бірін-бірі таусыла мадақтап, «сол үшін» арақ-шарап ішумен аяқталатынын көз көріп отыр.

Ау, сонда, халқымыз қандай сауық-сайранды бастан кешуде? деген сұрақ туындайды, Айтайық: Республиканың ең еңселі сарайларының 95 пайыз көрсетілімін шетелдің арзанқол гастрольшылары еншілейді; бейне және дыбысты кассеталар мен компакт табақшалардың 99,9 пайызы тағы да шетелдің адам аздырар өнімдерін құрайды; түнгі клубтарда, казиноларда, сауна деп аталатын жезөкшелер үйінде сори қайнап, кім-көрінгенге қолжаулық болған қазақ қыздары жүр демесең, бұл орындарда да сауық-сайран тек қана жат тілде жүргізіліп тек қана жаттық өнер сынағы тамашаланады. Көшеде, ас үйлерінде, жүргіншілер

көлігінде, сауда орындарында тек шет елдік музыкасымақ, тек шет тілдік дыбыс құлақ тұндырады...

Қор боласың! Жабыққан жан-жүрегіңе араша түсер дауа жоқ! Қашып тығылар саңылау таппайсың! Көз алдыңда ұлтыңның ұлы рухы мен мәдениетінің аяқ асты болғанына пұшайман болып, жігерің жасып, үйіңе келесің. Үйге келсең, алдыңнан өзәзілдей арбап теледидар шығады.

Социологиялық зердесі шыңдалған елдер теледидар өнімі қандай болса, ұлттың да болмысының сондай болатынына әлдеқашан көз жеткізген. Егер, теледидар бетімен кетсе, онда мемлекеттік өреде атқарылған саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани шаралардың бәрінің де ақыры қайырсыз болатынын көптеген елдер қазірдің өзінде терең сезініп, қатаң шараларды қолға алып отыр.

Ал Қазақстанның телеарналары (әсіресе, КТК, 31, А-1) жай ғана бетімен кетіп отырған жоқ, қазақ ұлты мен оның мәдениетіне қарсы бағыт ұстануда мейлінше кәсіби икемділік танытып отыр. Мәселе қос тілде, 50 пайыздан хабар беруде емес. Мәселе, сол хабарлардың қай мазмұнда, қай уақытта берілуінде және халыққа қай деңгейде әсер-ықпал етуінде. Біздің «крутойлар» бір-бір теле-радио арналары мен баспасөзді иемденіп қопғанымен, сол иемденгендерінің мазмұн-мағынасы пиғылы жаттардың қолында екенін қаперіне ілер емес. Осы орайда, атқа мініп жүрген қазақ азаматтарын бір-біріне айдап салып, қырқыстыруда бұқаралық ақпарат құралдарының аса жытқырлық танытып отырғанын атап өту қажет.

Бір қарағанда, Қазақстан халқы сауық-сайраннан кенде емес. Өкініштісі, соның басым көпшілігі қазақ халқының төлтума болмысына қарсы бағытталған. Ұлттың ділі көз алдымызда шайылып, ұлттың тілі көз алдымызда ығысып, ұлттың жады көз алдымызда өшірілуде. Оның басты құныкері жат тілді, жат пиғылда хабар тарататын телерадио арналары болып отыр. Бұл ретте, қазақстандықтардың жаппай орыс тілін білуі — оларды аздырып-тоздыратын құралға айналуға бұқаралық ақпарат құралдарын жайлап алған жат пиғылдар мұны ұрымтал пайдалануда. Биылғы жоғары оқу орындарына түскен талапкерлердің үш-ақ пайызының жақсы деген бағаға ілігінде ең алдымен теледидардың жағымсыз әсері бар деп білемін. Тәуелсіздік алған жылы 1-сыныпта оқыған баланың он бір жыл бойы қараған жалғыз ғана сауық-сайран терезесі теледидар болса, ол терезеден тек қана бөтен тіл мен ділде тасқындаған кісәпір хабарларды тамашаласа, ол балада қандай білім, қандай патриотизм болмақ?.. Енді он жылда осы ұрпақтың бүгінгі тізгін ұстағандарды алмастыратынын ойлағанда, шырқыраған жанымды қайда қоярымды білмеймін.

Міне, мәдениет пен сауық-сайранды салғастырғанда мені мазалайтын ойдың жосығы осындай. Өлгі, сауық-сайран мәдениеттің аясында көрініс тапқанымен, мәдениетке ықпал етуі, керек десеңіз мәдениетке қауіп төндіруі кәдік деуімнің мәнісін осылай бажайлауға болады.